

SHĀKĀRĪM SHĀŅYRĀĠY

ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТИ
СЕМЕЙ

Ақпараттық-танымдық басылым

2021 жыл
№2 (126) наурыз

Мерекелік құттықтау!

ҚҰРМЕТТІ, УНИВЕРСИТЕТ ҰЖЫМЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕР!



Күн сәулесі сірескен тоңды жібіткен уақыт – көктемнің алғашқы айы – Наурыз. Бұл айда ел-елде, жер-жерде табиғаттан сыр тартқан, тарихы да тамырлы мерекелер басталып жатыр. Бір қызығы солардың барлығында бір текті мақсаттар – бауырласу, қауышу, татуласу. Және бір ерекшелігі әр елде өтіп жатқан

сондай мерекелердің көбі бір күнге келіп тоқайласып жатыр. Ол – наурыздың он төртінші күні.

Қазақ табиғатпен бетпе-бет келген осы мерекелерді ежелден «амал күндері» деп атаған. КӨРІСУ яғни ҚАУЫШУ КҮНІ наурыздың ортасын ала басталған. Ежелден қыс бойы бірін-бірі көрмеген жұрт қыстан аман шығып, жоғын түгендеп көрісіп, барына тәуба ғып қауышқан. Сағынышпен қауышқан жүректердің тілеуі құшақтарынан да ыстық еді. Сол ыстық тілек елді қашан да БІРЛІКТЕ, БЕРЕКЕДЕ ұстады.

Ай мен Күннің теңелген күні айдың жиырма екісі күніне дөп келіп, көктем мерекелері жыл жаңарған ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІМЕН жалғасады. Жер тоңының толық босап, көңіл толық толған күнге халқымыз үлкен мән берді.

Адамның дүние есігін ашқан күні әр жылда қайталанған сайын, адам энергетикасы да бірде толып, бірде әлсіреп жаңарып отыратыны ғылымда әлдеқашан дәлелденген. Тура солай Жер Ананың Күн Әкемзді бір айналып шыққан уақытында толықтай бір тыныс деп есептеліп, «ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ» деп аталған.

Сондықтан жаратқанның табиғат жүйесін танып, тамырын дөп ұстаған халқымыздың бұл амалдар күнін мерекелі есептеуі тегін емес. Осы шақта айтылаған ақ тілек қабыл.

Тышқан жылының тарихта елге ауыр тиген кезеңдері көп болды. Соның бәрінде іргеміз сәгілмеді, жарқын болашақты көздеген көшіміз тоқтамады. 2020 жыл да тарихта бұрын-соңды болмаған мылтықсыз майданымен артта қалса екен. Келген сиыр жылы елімізге тұрақтылық әкеп, молшылығымен келсін.

Қандай қиындықтар болса да халқымыздың ізгі ниеті бұзылмаған. Сол ниетпен бір-біріне ағынан жарылған күн ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІМЕН баршаңызды құттықтаймын!

Заманның берекесі білімінде, білімді жастарымыз арта берсін.

Шәкәрім атамыздың есімін алған білім шаңырағының байрағы биіктеп, атағы мерейлі күнге жетсін. Осы жолда еңбек етіп жүрген баршаңызға еңбекте жеміс, тірлікте қуат, өмірде бақыт тілеймін.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Құрметпен, университет Ректоры
Бауыржан Ердембеков

АМАЛ КЕЛДІ, НАУРЫЗ КЕЛДІ – ЖЫЛ БАСЫ!

Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген биылғы Наурыз мейрамын тойлауға қатысты іс-шаралар бастамасы қазақ филологиясы факультетінің еншісіне бұйырыпты.

Мейрам кезінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында факультет ұжымы ұлттық сәнді киімдерін киіп, ғасырлар бойы жинақталған даланың өнеге-өсиетке толы дана дәстүрін жаңғыртып, Ұлыстың ұлы күні өзіндік сән-салтанатымен аталып өтті.

Шәкәрім университетінің ректоры Бауыржан Амангелдіұлы мерекелік тілек-сөзінде аталмыш мерекенің тарихына, маңыздылығына тоқтала отырып, «Батыстан бастау алған Көрісу күні, Амал күні немесе Қауышу күні – әлем халықтарының мерекесімен тұспа-тұс келіп отыр. Қытымыр қыстан аман-есен шыққан ел қуанып, бір-бірімізбен құшақ жая көріскен мерекеміз құтты болсын!» деп жылы лебізін білдірді.

Мерекеді жыл басын үлкен жетістікпен қарсы алып отырған факультеттің алдағы оқу жылдарындағы ғылыми-

зерттеу бағыттарының бастамалары, профессор-оқытушылық құрам мен білім алушылардың білім-ғылым жолындағы жетістіктері танымдық көрмеде таныстырылумен жалғасын тапты.

Ұлыстың ұлы күнінде профессор Еспенбетов Арап Сләмұлы тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген мерекеді ел болашағы жалынды жастарға ақ батасын берді.

Декан, профессор А.Қадыров басқарған – қазақилықтың қаймағы аңқыған факультет құрамы жыл басы Наурыз мейрамын тойлау дәстүрін «Көрісу күні» мерекесімен бастап, «Жайлау күні», «Шежіре күні», «Ұлыстың ұлы күні», «Тарихқа тағзым күні», «Игі істер күні», «Ұлттық тағамдар күні», «Шымырлық пен шеберлік күні», «Зияткерлік күні», «Жоралғы күні» атауларымен мерекелік кештер дәстүрін жалғастыра бермек.

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын, құрметті Шәкәрім университетінің ұжымы!

Ш.С.Кеңесбаева,
қазақ филологиясы факультеті


Бүгінгі сәнда:



Профессор А.К.Какимов:

«Моя профессиональная миссия – передавать знания будущим поколениям»

5-бет



Интеллектуалдық басқару жүйесі бар биогаз кешенін әзірлеу

6-бет




Наурыз нақшығары

12-бет

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҒАЛІМІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДА БАҒАЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің педагогика оқу кафедрасында кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы М.З.Джанбубекованың жетекшілігімен 6В01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 1 курс студенттеріне «Бастауыш мектепте оқыту құрылымындағы қалыптастырушы бағалау» тақырыбы бойынша оқу-әдістемелік семинар өткізілді.

Семинарды өткізу үшін ағайынды Жүсіпбек пен Кенжебек Даукеевтер атындағы педагогикалық технологиялар зертханасының ресурстары пайдаланылды.



Семинар барысында тыңдаушылар қалыптастырушы бағалау үдерісімен, оны жоспарлау және ұйымдастыру кезеңдерімен танысты. Критериалды бағалау компонентіне ерекше назар аударылды. Тыңдаушылар «бағалау критерийлері», «дискрипторлар» ұғымдарымен, сондай-ақ оларды қалыптастыру мысалдарымен танысты. Өткізілген семинар болашақ мұғалімдердің Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы білімдерін толықтырды.



ФОРМИРОВАНИЕ ОЦЕНИВАНИЕ В СТРУКТУРЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧИТЕЛЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Учебной кафедрой педагогики Университета имени Шакарима города Семей, под руководством заведующего кафедрой, доктора педагогических наук М.З.Джанбубековой проведен учебно-методический семинар для студентов 1 курса специальности 6В01201 – «Дошкольное обучение и воспитание» по теме: «Формативное оценивание в структуре обучения в начальной школе».

Для проведения семинара был использован ресурс лаборатории педагогических технологий имени братьев Жусупбека и Кенжебека Даукеевых.

В ходе семинара слушатели познакомились с процессом формативного оценивания, этапами его планирования и организации. Особое внимание было уделено компоненту критериального оценивания. Слушатели познакомились с понятиями «критерии оценивания», «дискрипторы», а также с примерами их формирования. Проведенный семинар пополнил знания будущих учителей об особенностях организации обучения в условиях обновленного содержания образования.



ONLINE ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Педагогика оқу кафедрасы Ж.Есекеев атындағы инновациялық технологиялар кабинетінде 6В01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», 6В01301 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтарының 1-2 курс студенттеріне арналған оқу-әдістемелік семинар өткізілді.

Семинар online оқыту жағдайында білім беру үдерісін ұйымдастырудың өзекті мәселелеріне арналды. Семинар барысында педагогика оқу кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы М.З.Джанбубекованың жетекшілігімен ақпараттық-компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері талқыланып, педагогтер мен білім алушылардың қашықтықтан оқу жағдайында оқытуды ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылды. Семинар барысында Ж.Есекеев атындағы кабинеттің заманауи техникалық құралдармен жабдықталған ақпараттық ресурсы пайдаланылды.

Семинар соңында студенттер ақпараттық-компьютерлік технологиялар бойынша жаңа әдістемелік әдебиеттермен танысты.



СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В УСЛОВИЯХ ONLINE ОБУЧЕНИЯ

Учебной кафедрой педагогики на базе кабинета инновационных технологий имени Ж.Есекеева был проведен учебно-методический семинар для студентов 1-2 курсов специальности 6В01201 – «Дошкольное обучение и воспитание», 6В01301 – «Педагогика и методика начального обучения».

Семинар был посвящен актуальным вопросам организации образовательного процесса в условиях online обучения. В ходе семинара под руководством заведующего учебной кафедры педагогики, доктора педагогических наук М.З.Джанбубековой были обсуждены особенности организации учебного процесса с использованием информационно-компьютерных технологий представлены и рассмотрены эффективные методы и формы организации обучения в условиях дистанционного взаимодействия педагогов и обучающихся. При проведении семинара был использован информационный ресурс кабинета имени Ж.Есекеева, оснащенного современным техническим оборудованием.

В заключении семинара студенты ознакомились с новинками методической литературы по информационно-компьютерным технологиям.



ТАРИХШЫ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ТҮЛЕКТЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ РӨЛІ

Университетімізде «Тарихшы мамандарды кәсіби қалыптастыру: түлектер қауымдастығының рөлі» тақырыбында қауымдастықтың кезекті отырысы өтті. Түлектер мен білім алушылардың отырысында т.ғ.к., «Тарих және саясаттану» кафедралық меңгерушісі Ибраимова Майра Сансызбайқызы сөз алды.


Іс-шараға профессор-оқытушылар құрамы, түлектер қауымдастығының мүшелері (Нұр-Сұлтан, Алматы, Талдықорған, Павлодар, Өскемен, Семей, Зайсан сияқты қалаларда және жақын аудандарда қызмет істейтін әртүрлі жылдардағы «Тарих» мамандығының түлектері), сондай-ақ, «Тарих» білім беру бағдарламасының студенттері, магистранттары, докторанттары қатысты.

Кезекті кездесу барысында түлектердің білім беру бағдарламаларын құруға қатысуының маңыздылығы және тарихшы мамандардың кәсіптік дамуындағы

түлектер қауымдастығының рөлі талқыланды.

Онлайн-кездесуде кафедра профессоры Г.М.Тохметова, түлектер қауымдастығының президенті М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің оқытушысы Н.Сағымбеков, «№32 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ оқу ісінің меңгерушісі, вице-президент Ө.Татыханова баяндама жасады.

Сөз соңында профессор М.Қ.Кәрімов университет түлектерінің бірігуі, ынтымақтастығы және байланыстарының дамуы – студенттердің кәсіби қалыптасуына зор үлесін қосады деп сенім білдірді.



РОЛЬ АССОЦИАЦИИ ВЫПУСКНИКОВ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ СТАНОВЛЕНИИ СПЕЦИАЛИСТА ИСТОРИКА

4 марта 2021 г. состоялось очередное заседание Ассоциации выпускников в онлайн формате на платформе ZOOM на тему: «Роль Ассоциации выпускников в профессиональном становлении специалиста историка». Модератором выступила к.и.н., зав.кафедрой истории и политологии Ибраимова Майра Сансызбаевна.

В мероприятии приняли участие представители профессорско-преподавательского состава кафедры истории и политологии университета Шакарима, члены Ассоциации выпускников, выпускники специальности «История» разных лет, работающие в таких городах как Нур-Султан, Алматы, Талдықорған, Павлодар, Усть-Каменогорск, Семей, Зайсан и близлежащих районах, а также студенты, магистранты, докторанты образовательной программы «История».

Очередное заседание было посвящено рассмотрению важности участия выпускников в формировании образовательных программ и роли Ассоциации выпускников в профессиональном становлении специалиста-историка.

На онлайн-встрече с докладами выступили профессор кафедры Тохметова Гаухар, президент Ассоциации выпускников-историков, преподаватель педагогического колледжа имени М.О.Ауэзова г. Семей Сағымбеков Нуржан, вице-президент Ассоциации выпускников историков, завуч по учебной работе КГУ «Средней общеобразовательной школы №32», Татыханова Асем.

В заключение представитель профессорско-преподавательского состава кафедры истории и политологии к.и.н., профессор Каримов Мухтарбек Карпыкович подчеркнул, что миссией данной организации является сплочение, сотрудничество и развитие связей выпускников нашего университета, содействие в профессиональной подготовке студентов, а также приумножение научных и культурных традиций.

Шырын Қауанова,
пресс-секретарь.

КӘСІБИ МАМАНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

10 наурыз күні Шәкәрім университетінде «Құқықтану» білім беру бағдарламасының студенттері Нұр-Сұлтан қаласының татуласу орталығының кәсіби медиаторы Берік Көпбаев және Семей қалалық сотының төрағасы Нұржан Әбдікәрімовпен кездесу өткізді.

Кездесуде еліміздегі медиацияны жүргізудегі ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері айтылып, медиация процедураларына қатысу тәжірибелерімен бөлісті.

Кездесу соңында «Құқықтану» кафедрасы жанынан медиация кабинетін ашу туралы ұсыныс жасалды.

ВСТРЕЧА С ПРОФЕССИОНАЛЬНЫМ МЕДИАТОРОМ

10 марта на базе Университета Шакарим состоялась встреча студентов кафедры «Юриспруденция» с профессиональным медиатором Центра примирения г. Нур-Султан Копбаевым Бериком Копбаевичем, а также председателем Семейского городского суда Абдикаримовым Нуржаном Бейбитбековичем.



На повестке дня стояли вопросы организационно-правового порядка проведения процедуры медиации в РК. Гости поделились своим опытом участия в проведении медиативных процедур вместе с этим обсудили роль института примирения в повышении уровня самосознания граждан.

По итогам встречи, было озвучено предложение об открытии кабинета медиации на базе кафедры Юриспруденции.



ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Шәкәрім университетінің бес бірдей үздік ұстазы жақында «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы – 2020» байқауының жеңімпаздары атанған еді.

Наурыз айының 17-і жұлдызында университет басшысы Бауыржан Амангелдіұлы салтанатты марапаттау рәсімін өткізіп арнайы төсбелгі мен куәлікті иелеріне табыстады.

Білім және ғылым министрлігінің хабарлауынша, республикалық байқауда 46 жоғары оқу орнынан 150 оқытушы үздік атанған.

Сол қатарға енген Жүндібаева Арай Қанапияқызы, Оқусханова Эльонора Құрметқызы, Сәбитова Альфира Нұржанқызы, Аубакирова Қарлығаш Әділханқызы және Қажиева Жания Хайдарқызы сияқты оқытушыларымызды жетістіктерімен құттықтай отырып еңбектеріне толғай табыс тілейміз!

Алдағы уақытта университетіміздің үздіктері ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша әлемнің үздік оқу орындарында шетелдік тағылдымадан өтетін болады.

«ҒЫЛЫМ – ИНЕМЕН ҚҰДЫҚ ҚАЗҒАНДАЙ»



ҚР БҒМ 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру конкурсының жеңімпазы «STEM-білім беру шеңберінде және үштілділік жағдайында білім беру процесін жобалаудың инновациялық модельдерін әзірлеу негізінде жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша мұғалімдерді / педагогтарды даярлау» жобасының ғылыми жетекшісі физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Жолымбаев Оралтай Мұратқанұлымен сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

– Ғылымның басым бағыттары бойынша өткізілген гранттық қаржыландыру конкурсында сіздің жобаңыздың ерекшелігі неде болды деп ойлайсыз?

– Жобаның ерекшелігі үш тілділік жағдайында ғылыми жаратылыстану пәндерінің интегративтік өзара байланысы негізінде STEM-білім беру аясында білім беру үдерісін жобалаудың инновациялық модельдерін ғылыми негіздеу және әзірлеу болып табылады. Бұл қазіргі ғылым және білім беру саласында ең қажетті әдістеме. Сондықтан да оның басты артықшылығы осында деп білемін.

– STEM білім беру әдістемесі жаратылыстану-ғылыми пәндерін оқытуда қаншалықты маңызды?

– Қазіргі таңда орта білім берудің ең өзекті пәндері: математика, робототехника, ауыл шаруашылығы инженериясы, биотехнология, кванттық инженерия, 3D-дизайн болып табылады. Осыған байланысты, әрине, қазіргі таңда жаратылыстану ғылыми пәндерді оқыту үшін құзыретті педагогтарды дайындауды педагогикалық бағыттағы білім беру ұйымдары жақын арада жүзеге асыруы тиіс.

Бүгінгі күні STEM-білім беру ресурстарын игеру бойынша болашақ педагогикалық кадрларды даярлау және білім алушыларды ЖОО-да практикалық (кәсіби) оқыту мәселелеріне арналған зерттеулер өте маңызды әрі ауадай қажет.

– Бұл жоба педагогтардың жаратылыстану-ғылыми бағыттағы қажеттіліктерін қанағаттандыра алады ма?

– Жаратылыстану-ғылыми бағыттағы педагогикалық мамандықтар бойынша бакалаврларды және магистрлерді даярлау қоғамның талаптары мен сұрауларына жауап беруі, жоғары мектеп түлектерін еліміздің білім берудің өзекті мәселелерін шешуге қатысуға, атап айтқанда, STEM-білім беру мәселелерін түсінуге, білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруға және оларды шешу тәсілдерін дайындауға тиіс.

– Жобаны іске асыруды қай уақыттан бастап қолға аласыздар?

– Жоба ұзақтығы – 36 айды құрайды. Болжамды уақыты 01.10.2021 – 31.12.2023 ж.ж. аралығын қамтиды.

– Жоба барысында жас ғалымдар мен мамандардың көзқарастары қарастырылады ма?

– Жобаны зерттеу тобының құрамын ғылыми-әдістемелік құжаттамамен және ғылыми-зерттеу жабдықтарымен жұмыс істеу дағдысы бар ғылым кандидаттары мен докторлар, магистрлер мен докторанттар құрайды. Жас ғалымдардың ғылыми қызығушылықтары орта білім беру, жоғары білім, соның ішінде, педагогтарды даярлау мен ағылшын тілінде білім беру, жаратылыстану пәндерін оқытудағы CLIL педагогикасы және білім берудегі тілдік реформаларды қамтиды.

– Жастардың ғылымға деген бетбұрысын қалай бағалайсыз?

– Қазіргі жастардың ғылымға деген көзқарастары қуантады. Өз ойлары мен пікірлерін еркін білдіріп, соны іске асырсақ деген

ұмтылыстары әрдайым қолдауды қажет етеді. Алайда солардың ішінен «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлары» ғана ғылымға бара алады. Біздің кафедрада бакалаврдан бастап осы бағытқа дайындап үйретеді. Университет бойынша бітіруші түлектер дипломдық тақырыбы бойынша ғылыми мақала жазады, міне, содан магистратураға тапсырған сәтте аннотация, сілтеме жасау, пайдаланылатын әдебиеттер тізімін реттеу сияқты барлық ақпараттан хабарлары болады. Бұл бізде қалыптасқан дәстүрге айналған. Сонымен қатар, жыл сайын сәуір айында Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де республикалық студенттер конференциясына Шәкәрім университетінен кафедра студенттерін апарып қатысамыз. Бірнеше жыл қатарынан жүлделі орындарды да иеленіп келеміз.

– Сіздің ойыңызша ғылымда не маңызды?

– Ғылымда көп нәрсе маңызды, атап айтсақ ол ізденіске, жаңашылдыққа деген талпыныс және тіл білу. Ғылым дегеніміз «инемен құдық қазғанмен бірдей» деп саналса, онда ғалымға табандылық, шыдамдылық, жауапкершілік қажет. Өзін-өзі әрқашан жетілдіріп, білімін жоғарылатып отыру керек. Сонымен қатар алынған ғылыми-әдістемелік нәтижелер адамның, қоғамның дамуына өз үлесін қосып, экономиканың алға жылжуына септігін тигізіп жатқаны абзал болар еді. Қазіргі таңда байқайтынымыз ғылыммен байланысты дүниежүзінде шыққан мақалалардың 50%-дан астамы ағылшын тілінде. Сондықтан да ғалам жаңалығынан қалыс қалмас үшін заман талабына сай ағылшын тілін жетік білу де қажет.

– Әңгімеңізге рақмет!

**Шұғыла Сұлтанмахмудова,
журналистика мамандығының
3-курс студенті**

Профессор А.К.Какимов:

«МОЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ МИССИЯ – ПЕРЕДАВАТЬ ЗНАНИЯ БУДУЩИМ ПОКОЛЕНИЯМ»

Декан факультета дальнейшего образования университета Шакарима, доктор технических наук, профессор Какимов Айтбек Калиевич рассказал о научном проекте и о значимости молодого поколения в науке. В этом году от университета имени Шакарима в конкурсе на грантовое финансирование МОН РК приняло участие 5 проектов, из них 4 проекта получили поддержку, выиграв грант.

– В этом году ваша исследовательская группа выиграла грант в конкурсе. В чем заключается ваш проект?

– По разделу «Переработка сельскохозяйственной продукции и по сельскому хозяйству перерабатывающей отрасли» приняло участие 64 проекта, из них 14 получили финансирование, мы оказались на 8 месте. Наш научный проект – «Разработка биосенсора для определения высоко кумулятивных ксенобиотиков в молоке и молочных продуктах на основе регионального мониторинга безопасности пищевых продуктов», предполагает изучение загрязнения окружающей среды ксенобиотиками, к которым относятся пестициды, соли тяжелых металлов, радионуклиды и другие вредные вещества. Наша исследовательская группа уже утверждена. Возможно, в следующем году она немного изменится, и мы привлечем поступивших к нам докторантов.

– Какие еще научные проекты были вами реализованы?

– Предыдущий грантовый проекты успешно завершили «Уменьшение содержания солей тяжелых металлов и радионуклидов в пищевых продуктах». Работали 3 года. Объем финансирования составил 25,5 млн. тенге.

Самый первый проект с грантовым финансированием МОН РК под моим руководством был в 2008 году, тогда сумма гранта составляла 4,5 млн. тенге. Помню, как-то был такой случай: в одном из проектов, мы исследовали влияние нашего полигона на содержание солей тяжелых металлов и радионуклидов, начиная от полигона до Маканчинского района.

Когда публиковали первую статью, в США, рецензент заинтересовался, почему мы выбрали только это направление: от Семипалатинска на юг. Мы, конечно же, отправили ответ, и наша статья была опубликована. Тогда было так. Генералитет, который командовал полигоном и сам город Курчатова находились под горами Дегелен, южнее. Ядерные взрывы производили так, чтобы роза ветров дула в южную сторону. Туда попадали Абайский, Чарский, Аягозский, частично Аксуатский, Маканчинский, Урджарский районы. В связи с этим, мы выбрали именно эту местность для работы.

– Расскажите, как давно вы занимаетесь наукой, как работает ваша научная лаборатория?

– Занимаюсь я наукой с окончания аспирантуры, с 1981 года. Все научные проекты осуществляются по направлению «молочные и мясные продукты». За последнее время мной опубликовано 5 статей в базе данных Scopus и 3 статьи на платформе Web of Science. Подготовил 1 доктора наук, 7 кандидатов технических наук.



А также мы поменяли подготовку научных кадров с системы кандидат наук на 3-х ступенчатую образовательную программу в университете: бакалавр, магистратура, PhD докторантура. В настоящее время под моим руководством защитились 5 PhD докторанта. Сейчас в докторантуре обучается 5 человек.

У нас сложившаяся научная школа, трудоспособный коллектив, основу которого составляет кафедра биотехнологии и стандартизации.

Наша исследовательская группа участвует в разработке научных исследований, публикует монографии и научные статьи в отечественных и зарубежных изданиях США, Англии, Германии, Индии, Пакистана, ОАЭ и Южной Африки. Для работы над проектом исследовательский коллектив использует лабораторию нашего университета, а также лаборатории Алматы и Усть-Каменогорска. Мы активно сотрудничаем с крупными учеными нашей Казахстана, а также стран ближнего и дальнего зарубежья.

К работе над проектами активно привлекаем докторантов, обучающихся по профилю специальности. Докторанты находятся на острие передовой науки, гранты очень помогают им получать небольшое финансирование, и самым главным для них является опыт и возможность работы с необходимым оборудованием для достижения научных цели. Так, в работе над одним из грантовых проектов участвовали докторанты, которые первыми защитили в нашем университете ДОКТОРСКУЮ ДИССЕРТАЦИЮ PhD, по специальности «Технология продовольственных продуктов». Они проходили стажировку в Англии и Канаде.

Я горд тем, что окончил наш университет, и тем, что мне дали мои учителя. Хочу нашему молодому поколению передать знания, дабы они дальше поднимали статус вуза.

– Уважаемый, Айтбек Калиевич, спасибо за уделенное время! Мы благодарны вам за ваши труды!

**Беседовала Н.Т. Токашева,
старший преподаватель
филологического факультета**

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ БАР БИОГАЗ КЕШЕНІН ӘЗІРЛЕУ

Жаңартылатын энергия көздерінің түрлерінің бірі – биогазды және биомассаны, ең алдымен ауыл шаруашылық және тамақ өнімдерін қайта өңдеу зауыттарындағы органикалық қалдықтарды, ағынды сулар мен тұрмыстық қалдықтарды, сондай-ақ энергетикалық дақылдар мен балдырларды анаэробты ашыту арқылы алады. Жаңартылатын энергия көздерінің басқа түрлерімен салыстырғанда биомасса энергиясын ашыту арқылы пайдаланудың тиімділігі – ол метеорологиялық жағдайлардан тәуелсіздігі, яғни энергияны пайдаланудағы үздіксіздік пен тұрақтылық.

Қазақстан Республикасында өндіріс, энергия тиімділігі, сенімділік, пайдаланудың қарапайымдылығы, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және арзан бағалар тұрғысынан отандық материалдардан жасалған өзіндік әзірленген биогаз қондырғыларын енгізу өте маңызды болып табылады. Қазір Қазақстан нарығында кешенді қондырғыларды айтпағанда өндірістік биогаз қондырғыларын өндірушілер жоқ.

Жобаның мақсаты – қалдықтарды өңдеу кезінде биогаз шығымын арттыру және ашыту уақытын қысқарту үшін биоинталанғыштарды қолданатын инновациялық технологиямен автоматтандырылған интеллектуалды басқару жүйесі бар отандық материалдардан жасалған модульдік биогаз кешенін әзірлеу.

Қазіргі әлемде қоршаған ортаның ластануы ғаламдық масштабта кең өріс алды, осыған байланысты көптеген елдер қоғамның, табиғат қорғау ұйымдарының қысымымен зиянды шығарындылармен, экологиялық қауіпті және лас өндірістермен күресуде.

2018 жылы баламалы жаңартылатын энергия көздерінің үлесі (ірі су электр станцияларын қоспағанда) әлемдік электр энергиясын өндіруде 8,4% құрады.

2019 жылдың бірінші жартыжылдығында Германияда жаңартылатын энергия көздері алғаш рет көмір мен атом электр станцияларына қарағанда көбірек энергия өндірді, бұл күн, жел, биомасса және су энергиясынан



өндірілетін электр энергиясының үлесі 47,3% құрайды.

Мал шаруашылығының негізгі өндірушісі болып табылатын ауыл шаруашылығы үшін Қазақстан Республикасында ішкі шаруашылық биогаз өндірісі қалдықтарды өңдеу мен энергиямен жабдықтаудың ең қолайлы түрі болып табылады.

Шәкәрім университетінің қызметкерлері биогаз технологиялары саласында жеткілікті тәжірибеге ие және бұл бағытпен 2014 жылдан бастап айналысады. 2014 жылдың аяғында 2015 жылдың басында биореактордың ішкі көлемі 2 м3 болатын тәжірибелік зертханалық жартылай өнеркәсіптік биогаз қондырғысы жасалды, өндірілді және сыналды.

2018 жылы ғылыми тобымыз «Металлист» ЖШС зауытында жел қондырғысы бар өндірістік кешен биогаз қондырғысы жобаланып, содан кейін өндіріліп, сәтті сынақтан өтті. Бұл биогаз қондырғысы ҚР № 32805 патентімен қорғалған.

Жобаның практикалық және ғылыми маңыздылығы:

– Метан түзуші бактериялардың белсенділігін ынталандыру және анаэробты метан ферменттеуін күшейту үшін табиғи отандық өсімдік пен органикалық шикізат негізінде өзіндік жасалған тиімді биоинталанғыштарды қолдана отырып био-

газ өндірудің инновациялық технологиясын әзірлеу.

– Барлық негізгі параметрлерді кешенді ескере отырып және технологиялық процесті оңтайландырумен субстратты араластырудың математикалық моделін жасау

Күтілетін нәтижелер:

Жобаның қойылған мақсатына сәйкес келесі нәтижелер күтіледі:

– сенімді, қымбат емес, жабдықты аз энергия тұтынатын, отандық материалдан жасалынатын, модульді тәріздес әртүрлі өнімділікті қамтитын биогаз қондырғысы әзірленеді;

– өңдеу процесі толық автоматтандырылған табиғи отандық өсімдік және органикалық шикізаттары негізіндегі тиімді өзіміз әзірлеген биоинталанғыштар қолданылатын жаңа технологияны және климаттық жағдайларды ескере отырып, әртүрлі органикалық қалдықтардың ашытудың оңтайлы режимін жасалынады;

– биогаз қондырғысындағы технологиялық процестерді басқару жүйесін автоматтандыруға қажетті бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірленеді және т.б.

Н.Н. Нұрғалиев,
химиялық технология және
экология кафедрасының
доценті м.а., PhD

НОВОЕ АКТУАЛЬНОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ УЧЕНЫХ НАШЕГО УНИВЕРСИТЕТА ПО ПРОБЛЕМАМ ОБРАЗОВАНИЯ

В этом году научный коллектив ученых нашего университета под руководством зав. кафедрой полиязычия Исмаиловой Г.К. представил проект по теме «Мультимедийное образовательное пространство как инструмент формирования коммуникативных компетенций в сфере трехязычного высшего образования» и выиграл конкурс на грантовое финансирование МОН РК. Проект осуществляется в рамках научного направления «Исследование актуальных проблем в области образования и лингвистики. Прикладное исследование».

Цель проекта – разработать принципы, формы и содержание учебно-методического обеспечения программ трехязычного образования с применением информационно-коммуникационных технологий, системно объединенных в мультимедийное образовательное пространство. Предусмотрено финансирование в размере 23 миллиона тенге на 3 года.

Ожидаемые результаты проекта коррелируют с поэтапным формированием мультимедийного образовательного пространства – от исследования социального запроса и потребностей участников образовательного процесса – до применения разработанных технологий.

Для обучения студентов предполагается подготовка видеороликов, видеокурсов, учебных пособий и электронных обучающих пособий, электронных словарей по казахскому, русскому и английскому языкам, игровых тренажеров, мультимедийных обучающих систем, комплексов тестовых материалов и других средств контроля. Исследование будет отражено в печатных изданиях, коллективной монографии на тему «Мультимедийные образовательные технологии в трехязычном высшем образовании», в опубликованных статьях.

В рамках проекта будут проведены семинары (вебинары) о мультимедийных технологиях трехязычного образования, разработанных мультимедийных комплексах поуровневого обучения, будет организована республиканская научная конференция «Мультимедийные образовательные технологии в сфере трехязычного образования».

Пожелаем творческих успехов нашим коллегам!!!

Г.К. Исмаилова,
заведующий учебной кафедрой полиязычия

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – ӨМІРІҢІЗДІҢ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМЫ

Мамандықты дұрыс таңдай білген адам: «Мамандығым – мақтанышым» дей отыра, сол мамандықтың қыры мен сырын меңгеріп, шыңына жете білу керек. Мамандық жай күнелту, ақша табу ғана емес. Әр адам өз мамандығынан рухани күш алып, еңбектің рахатын көреді. Кез келген адамнан шеберлікті, қажымас қайратты, еңбектенуді керек етеді.

Әр мамандықтың өз ерекшеліктері бар. Солардың бірегейі аңшылықтану және аң шаруашылығы мамандығы. Аң шаруашылығы – сапалы тері өндіру мақсатымен, қолда аң өсіретін мал шаруашылығының дербес саласы. Аң шаруашылығы 1946 жылдан Алматы облысында дами бастады. Кейін Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында кеңінен айналысты. Аң өсірумен арнайы құрылған аң шаруашылығымен қатар жеке тұлғалар мен жеке шаруалар да айналысады.

Қазіргі таңда бұл мамандықты жоғарғы оқу орындарында тереңдетіп оқытады. Ерекше айтып өтетін болсақ, 2004 жылдан бастап Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің аграрлық факультетінде «Биология» кафедрасында аңшылықтану және аң шаруашылығы мамандығы ашылды. 2019 жылдан бастап осы кафедраға орман шаруашылығы мамандығы еніп, ендігі күні «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» кафедрасы деп өзгіртіліп, осы мамандықтың кең етек жая бастағанына, жеке кафедра болып ашылғаны айқын дәлел болады.

Кафедрамызда жоғары санаттағы профессорлар, доценттер және аға оқытушылар білім береді. Кафедра студенттері қаланың мұражайларымен танысады, кураторлық сағаттар жүргізеді, көркемөнерпаздар көрсетілімдерге, мәдениетті-бұқаралық және спорттық жарыстарға қатысады.

Қазіргі таңда аң шаруашылығында жоғарғы білім алып жатқан студенттеріміз өз мамандықтарын мақтанышпен айтады. Әркімнің осы мамандыққа деген көзқарасы әрқилы.


2 курс ОЗ-901 топ студенттерінің ой-пікірлеріне тоқталатын болсақ: САҒЫНБАЕВ ЕРЖАС.

Мен «Аңшылықтану және аң шаруашылығы» мамандығының 2 курс студентімін.

Осы мамандықты таңдау себебім қазіргі таңда мемлекетіміздегі ауыл шаруашылық саласында мамандар қажет. Сондықтан мен мемлекетімізге өз үлесімді қосқым келеді. Оқуға түскен кезден бастап маған осы университет қатты ұнады. Себебі бізге өте білімі жоғары профессорлар, доценттер дәріс оқиды. Кафедрадағы барлық дерлік ұстаздардың тәлімі біздің жақсы маман болуымыздың кепілі деп нық айта аламын. Абай атамсы: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан» деп айтқандай бізде осы өмірде білікті жақсы маман иесі болуымыз керек.




ТИЛЕШЕВА БЕГАЙЫМ. Дүние есігін ашқан әрбір жанның өсе келе өмірге деген құлшынысы, дүниетанымы, көзқарасы, арманы болады. Әр адамға жауапты кезең болашақтағы мамандық. Мен Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінде оқығанымға өте қуаныштымын. Өзім оқып жатқан «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» кафедрасының мамандығында оқығанымды мақтан тұтамын. Бұл жерде бізге жоғарғы санаттағы профессорлар доценттер және де аға оқытушылар білім береді. Және де бізді білім нәрімен сусындататын негізгі мамандық пәндері оқытылады. Кафедра туралы айта кетсем бұл жерде біздің білім алуымызға толыққанды жағдайлар жасалған.



ӘБЖАНОВ НАУРЫЗ. Қызыққа толы студенттік өмір мен көңілді группаластар, және де мұндағы білікті доценттер мен профессорлардың жүргізетін пәндері, мамандыққа байланысты қызықты кітаптар, тылсым сырға толы ғажайып жануарлар әлемі мені өзіне тартып баурап алды. Осы екі жылдың ішінде жануарлар туралы көптеген пәндерді оқыдық. Факультеттегі кемелденген оқыту жүйесі мен білікті оқытушылар бізге сол пәндердің қыр-сырын үйретті. Мен өз мамандығымды мақтанш тұтамын.

Мектеп бітіруші түлектерді «Аңшылықтану және аң шаруашылығы» мамандығына оқуға түсуге шақырамыз. Аң шаруашылықтарда, мемлекеттік табиғи қорықтарда, ұлттық табиғи бақтарда, өзгеше қорғауға алынған табиғи аумақтарда, мемлекеттік орманды, жануарларды қорғауға арналған мекемелерде жұмыс істей алады. Мемлекеттік, облыстық, республикалық басқарушы органдардың аңшылық шаруашылықтарында, туристік ұйымдарда жұмыс істей алады.

Мемлекеттің дамуына өз үлесінді қосқын келсе, аңшылықтану және аң шаруашылығының ұтқыр маманы болғын келсе, онда сені «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» кафедрасының студенті болуға шақырамыз!



К.Р. Сатиева,
ауыл шаруашылығы және
биоресурстар кафедрасының профессор м.а.
Г.Н. Рахметоллаева,
ОЗ-901 тобының студенті

Бүгінгі таңда қалыптасқан еңбек нарығы шығармашылық деңгейі жоғары білімді мамандардың кәсіби даярлығының сапасына қойылатын талаптарға өз әсерін тигізуде. Осы орайда жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті, сапалы маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы заңды құбылыс. Сондықтан жоғары оқу орындарына, оның ішінде жас ұрпақ тағдыры сеніп тапсырылған мұғалім мамандығын әзірлеуге қойылатын талап күшейтілуде. Бүгінде дамудың жаңа биігіне шыққан Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті де университеттің білім беру қызметін жаңа сапалы деңгейге көтеріп, педагог мамандығының жоғары дәрежеге жетуін іске асыру жолында құруар жұмыстар атқарауда. Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің 85 жылдық тарихы бар Жоғарғы педагогикалық мектебінің негізгі мақсаты да жоғары білікті, жалпы елге және аймаққа қажетті жаңа тұрпатты педагог мамандарды даярлау және олардың бәсекеге қабілетті кәсіптік деңгейін қамтамасыз ету, университет түлектерінің азаматтық және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕНІ ҰШТАСТЫРУ – САПАЛЫ БІЛІМ КЕПІЛІ

Университет педагогикалық интеллигенцияны даярлап, мектептердің білімдік және ғылыми-әдістемелік орталығына айналып, педагогтердің кәсіби әлемінің жаңа бейнесін қалыптастыруда мақсатты жұмыстар жүргізіп келеді. Соның бір айғағы ретінде университет ректоры Ердембеков Бауыржан Амангелдіұлының бастамасымен Семей қаласы мектептері жаңынан кафедра филиалдары ашылып, базалық алаңдар ұйымдастыру қолға алынды. Негізгі мақсаты мектеп пен кәсіби педагогикалық білім беру сапасын арттыру мақсатында бірлесіп жұмыс істеу, университет ғалымдарының әдістемелік зерттеулерін мектепте білім беру тәжірибесінде қолдану болып табылады.

Бүгінгі күні Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті Қазақ филологиясы факультеті Қазақ тілі мен әдебиеті оқу кафедрасының Семей қаласындағы Т.Аманов атындағы №16 жалпы орта білім беретін мектепте кафедра филиалы ашылды. Кафедра филиалы кәсіби мамандар даярлау сапасын арттыру, бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, мектеп мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету, мұғалімдер мен оқушылардың ғылыми жобаларына жетекшілік ету сияқты мәселелердің шешімін табуы көздейді. Болашақта оқу үдерісінің практикалық бағыттылығын нығайту, бірлескен ғылыми зерттеулерді өткізу және білім беру практикасына ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижесін енгізу сияқты жұмыстардың жүргізіліп, сонымен бірге мектеп түлектеріне болашақ мамандығын таңдауда бағдарлануға, ғылыми ізденіске деген қызығушылықтарын дамытуға, ҰБТ-ға дайындалуға да мүмкіндік береді.

Кафедра филиалымен бірге Семей қаласының №22 мектеп-лицейі, Семей қаласының №10 жалпы орта білім беретін мектептері арасында базалық алаңдар ұйымдастырылып, ынтымақтастық келісімшарты жасалды. Осы базалық алаңдарда атқарылатын жұмыс жоспары бекітілді. Базалық алаң жұмысының да негізгі мақсаты – ғылыми-әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету, мұғалімдердің инновациялық қызметін, оның кәсіби шеберлігін дамытуға ықпал ету.

Қорыта айтқанда, жоғары оқу орны мен мектептің бүгінгі сабақтастығы бұрынғыдан да артып отыр. Бұрын мектепті тек педагогикалық практика өткізу базасы, кәсіби бағдарлану бойынша жұмыс жүргізу деген түсінікте қабылдасақ, енді әлемдік стандарттарға сай жаңа оқу жүйесіне мектептердің байланысы мәселелерін нақты шешу кезеңі келді. Бұл ретте де сапалы педагог мамандар дайындайтын іргелі жоғары оқу орындарының бірі ретінде Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті аянбақ емес.

Қ.Қ. Мұқанова,
Қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының меңгерушісі.

«ӘР ШӘКІРТ ОЙШЫЛ АҚЫННЫҢ АТЫНА ЛАЙЫҚ ҚАРЕКЕТ ҚЫЛУЫ КЕРЕК!»

11 наурызда Шәкәрім университетінің Басқарма төрағасы – Ректор Бауыржан Ердембеков пен белсенді студенттердің арнайы кездесуі өтті. Кездесуге жастар ұйымдарының жетекшілері мен Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің басшысы Қарибаев Мақсат қатысты.

Ректор Бауыржан Амангелдіұлы ашық диалог түрінде ұйымдастырылған жиын барысында пандемия кезеңіндегі оқу мен тәрбие үрдісінің алдағы өмірімізге әлі де біраз өзгерістер әкелетінін жеткізді.

Жаңа даму белесіне қадам басқан оқу ордасы әрмен қарай белсенді жастардың ықпалы арқылы альма-матер беделін көтеру, ғылымға жаңаша бет бұру, тың инновациялық жобаларды іске асыру жұмыстарын талқылады.

Студенттердің игілігі үшін қолға алынатын жұмыстар да назардан тыс қалмады. Университет басшысы жастармен бірге жүзеге асыратын жобаларын, сондай-ақ, мектеп бітіруші талапкерлерге кәсіптік бағыт-бағдар беру жұмыстарын таныстыра келе, өз сөзінде:

«Шәкәрім университетінің әр шәкірт ойшыл ақынның атына лайық қарекет қылуы керек» – деді.

Ашық диалог алаңында «Парасат» дебат клубының пікірсайысшылары мен «ART-union» талантты жастар ұйымдарының жетекшілері көкейлеріндегі сауалдарын қойып, ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Университет ректоры Бауыржан Амангелдіұлы мен белсенді студенттер тарапынан бір-біріне сенім білдірген нағыз достық, таныстық, сырласу кездесуінде бірқатар мәселелер талқыланып, алдағы уақыттың жиындары жоспарланды.



Жаңашылдыққа толы мазмұнды кездесуден ерекше әсер алған белсенді шәкәрімдіктер жиын соңында университет басшысы Бауыржан Амангелдіұлымен естелік суретке түсті.

«КАЖДЫЙ СТУДЕНТ УНИВЕРСИТЕТА ШАКАРИМ ДОЛЖЕН ДЕЙСТВОВАТЬ СООТВЕТСТВУЮЩЕ ИМЕНИ ПОЭТА-МЫСЛИТЕЛЯ»

11 марта прошла встреча Председателя Правления Университета Шакарим — ректора Бауыржана Ердембекова со студенческим активом университета. На встрече присутствовали лидеры студенческих организаций и руководитель департамента социальных дел и молодежной политики Қарибаев Мақсат.

Ректор Бауыржан Амангелдиевич на встрече, которая проходила в форме открытого диалога, отметил, что образовательный и воспитательный процесс во время пандемии все так же внесет ряд изменений в наши жизни.

Университет, вышедший на новый этап развития, все так же будет

продолжать работу по повышению престижа альма-матер через влияние активных студентов. Обсуждались работы по новому подходу к науке и по реализации новых инновационных проектов активной молодежи.

Не осталась без внимания работа, проделанная для блага студентов. Руководитель вуза представил предстоящие проекты студентам, а также работы по профориентации абитуриентов:

«Каждый студент университета Шакарим должен действовать соответствующе имени поэта-мыслителя», — отметил он.

Во время встречи участники интеллектуального дебатного клуба «Парасат» и лидеры организации талантливой молодежи «ART-union» задали свои вопросы и поделились предложениями.

На встрече знакомства ректора университета Бауыржана Амангелдиевича и активных студентов был обсужден ряд вопросов, намечены дальнейшие встречи.

Впечатленные новаторской встречей активисты сделали памятную фотографию с руководителем вуза Бауыржаном Амангелдиевичем.

АРДАГЕР ҰСТАЗДЫ МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

8 наурыз күні Шәкәрім университетінің бастауыш кәсіподақ ұйымы ардагер – ұстаз, университетте 30 жыл еңбек еткен Клара Үсенованы 75 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Клара Қасымқызы Семейдің зоотехникалық-ветеринарлық институтында ұстаздық және аға лаборанттық қызмет атқарды. Бүгінде еңбегінің зейнетін көріп отырған бақытты ана. Ұлағатты ұстазға мықты денсаулық тілейміз!



ПОЗДРАВИЛИ ВETERАНА СЗВИ

8 марта 2021 года председатель первичной профсоюзной организации университета Шакарима Курмамбаева Карлыгаш Солтанбековна и председатель профсоюзного бюро аграрного факультета Қорабаев Жумабай Зейнелович поздравили ветерана СЗВИ и университета Усенову Клару Қасымовну которая проработала в нашем Вузе более 30 лет.

В настоящее время она находится на заслуженном отпуске. Сейчас Клара Қасымовна счастливая мать и бабушка воспитывающая своих внуков.

2023 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАН ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШЕДІ

Жаңа әліпбиге кезең-кезеңімен көшу 2023 жылдан бастап 2031 жыл аралығында жоспарланып отыр.

Үкімет басшысы Асқар Мамин қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия отырысында: «Жетілдірілген әліпби нұсқасы қазақ тілінің дамуына жаңа серпін беріп, оның заманауи үрдістерге сай жаңғыруына ықпал етеді. Алдағы уақытта қазақ тілін латын графикалы әліпбиге кезең-кезеңімен көшіру бағытында қарқынды жұмыс жүргізу керек» деп латын графикасы негізіндегі қазақ тілі әліпбиін жетілдіру бойынша халық арасында кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырды.



ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ В КАЗАХСТАНЕ НАЧНЕТСЯ В 2023 ГОДУ

На заседании Национальной комиссии по переводу казахского алфавита на латинскую графику под председательством премьер-министра Аскара Мамина стали известны сроки данной реформы.

Как напоминает пресс-служба главы правительства, по инициативе Нурсултана Назарбаева в 2017 году началась работа по переводу алфавита казахского языка на латинскую графику. В рамках исполнения поручения главы государства Касым-Жомарта Токаева от 21 октября 2019 года по совершенствованию алфавита на основе латиницы рассмотрено свыше 40 вариантов нового алфавита, а также проекты правил правописания казахского языка и порядка расположения букв на клавиатуре.

В образовательных учреждениях проведено анкетирование по написанию и чтению знаков усовершенствованного алфавита. Организованы открытые обсуждения с целью учета общественного мнения.

«Усовершенствованный алфавит включает 31 символ базовой системы латинского алфавита, полностью охватывающей 28 звуков казахского языка, – сказано в сообщении пресс-службы премьер-министра.

Специфические звуки казахского языка ә(ä), ө(ö), ү(ü), ұ(ū) и ғ(ğ), ш(ş) обозначены диакритическими символами умляут (¨), макрон (ˉ), седиль (ˊ), бревис (ˋ), которые часто используются в международной практике. Алфавит соответствует принципу «один звук – одна буква», закрепленному в письменной практике казахского языка.

Поэтапный переход на новый алфавит планируется с 2023 года по 2031 год.

Глава правительства поручил провести широкую информационно-разъяснительную работу среди населения по вопросам усовершенствованного алфавита казахского языка на основе латинской графики».

АМЕРИКАЛЫҚ ТАНЫМАЛ КӘСІПКЕР, ИЛОН МАСК ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСЕДІ

Еуропалық экономика және бизнес жоғары колледжінің негізін қалаушы Талғат Төремұратов Facebook парақшасында Илон Масктың қазақстандық колледж студенттерімен кездесу өткізуге уәде бергенін айтты, деп хабарлайды Egemen.kz

Талғат Төремұратов: «SpaceX компаниясының негізін қалаушы, тең иесі, бас директоры және бас инженері, Tesla компаниясының басы идеялық шабыттандырушысы Илон Маск менеджерімен ұзақ уақытқа созылған хат алмасудан кейін Қазақстанның колледж студенттері үшін ZOOM платформасында кездесуге уағдаластық. Кездесу 2021 жылдың 1 мамырына жоспарланып отыр» деп жазды. Сонымен қатар, Білім және ғылым министрлігін алдын ала хабардар ететіндігін де атап өтті.

ИЛОН МАСК ВЫСТУПИТ ПЕРЕД СТУДЕНТАМИ КАЗАХСТАНА В МАЕ

Глава компаний Tesla и SpaceX американский миллиардер Илон Маск выступит перед студентами Казахстана в мае.

«Я являюсь учредителем Европейского высшего колледжа экономики, бизнеса и права. Когда начался дистанционный режим, чтобы у студентов не пропал интерес к учебе, мы начали привлекать зарубежных преподавателей. Они каждую неделю читали лекции.


В сентябре прошлого года мы взяли на заметку пригласить Илона Маска. Я думал, что все пройдет легко и быстро, начали на него выходить, но, к большому сожалению, переписка затянута на семь месяцев, и только вчера мы получили ответ, что он готов встретиться со студентами на 15-20 минут. У него график расписан на год», – рассказал Талғат Төремұратов.

Организатор отметил, что для казахстанских студентов это хорошая мотивация. Теперь количество студентов, тех, кто хотел бы с ним встретиться, планируют увеличить. Участвовать будут не только студенты Европейского высшего колледжа экономики, бизнеса и права.

«Встреча состоится 1 мая. Мы хотим, чтобы студенты могли задать какие-то вопросы в технике, в бизнесе», – добавил Талғат Төремұратов.

СЕКРЕТ УСПЕХА – СОТРУДНИЧЕСТВО

В системе современного высшего образования на сегодняшний день особенно актуальным является вопрос формирования единого образовательного пространства. В этой связи первоочередную роль играет сотрудничество преподавателей разных университетов. Формы сотрудничества разнообразны: семинары, конференции, мастер-классы, гостевые занятия и т.д. Ярким примером сотрудничества двух университетов: Университета имени Шакарима г. Семей и Атырауского университета им. Х.Досмухамедова – стало проведение гостевого практического занятия. Профессором Гайнигул Кабидуллиновны Исмаиловой.



Доцент кафедры методики преподавания иностранных языков Атырауского университета им. Х.Досмухамедова М.М.Нургалиева пригласила Гайнигул Кабидуллинову в качестве мастер-класса провести гостевое практическое занятие со студентами специальности «Иностранный язык: два иностранных языка». Тема занятия: «Дистанционное обучение». В ходе занятия студенты обсудили эту актуальную тему, поделились опытом преодоления кризисных ситуаций, возникших в период пандемии, обсудили преимущества и недостатки дистанционного обучения.

В ходе занятия педагог использовала разнообразные активные формы коллективной и самостоятельной учебной деятельности. Выбранная для практического занятия тема, актуальная для каждого казахстанца, позволила студентам проявить свои коммуникативные навыки, а также способствовала развитию критического мышления, умения анализировать и оценивать события и проблемы современности.

Проведение подобного рода практических занятий способствует совершенствованию языка на практике, обогащает лексический запас студентов, расширяет рамки их коммуникативной деятельности и тем самым обеспечивает их дальнейшую профессиональную компетентность.

Успешное проведение гостевого практического занятия не только обеспечило обмен опытом между преподавателями разных вузов, но и, что более масштабно, заложило фундамент для сотрудничества между Университетом имени Шакарима и Атырауским университетом им. Х.Досмухамедова.

И.С. Мищенко,
старший преподаватель
кафедры иностранных
языков



«КӨРІСУ КҮНІ» - ІЗГІ АМАЛ

Президент Қасым-Жомар Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы аясында университет ректоры Бауыржан Амангелдіұлының бастамасымен университет көлемінде Наурыз мейрамын атап өтудің күнтізбесі құрылған еді.

Ұлттық дәстүрді жаңғыртып, құндылықты дәріптеу мақсатындағы ізгі шаралардың басы «Көрісу күнінің» аталып өтілуімен қазақ филологиясы факультетінің шаңырағынан бастау алды. Өнерлі өрендердің керемет жыр шашулары, ерекше айтыс үлгілері, ой мен сөздің жарысы қонақтардың көңілін бір серпілтті. Сонымен қатар, факультеттің бетке ұстар мақтаныштарының жетістіктері қойылған көрме ұйымдастырылып көпшіліктің назарын аударды.

«Көрісу күні» ізгі амалдар орындалар мерекелердің бірі, оның мәні де тереңде жатыр. Жылдың басы Наурыз мейрамының басталғанынан көрініс береді. Демек, алдағы уақытта осындай мерекелік күндер өзге де факультеттер арасында өз жалғасын таппақ.

ШӘКӘРІМ ШАҢЫРАҒЫНДА «ШЕЖІРЕ КҮНІ»

«Шежіре күні» мәдениеті бай қазақ халқы үшін мәні мен маңызы зор мейрамдардың бірі. Ғасырдан ғасырға мұраға айналып, өсиет болып жеткен әулеттің тарихы мен шежіресінің кеңінен баян етілер рухани тағлымы бөлек күн.

Наурыз мейрамы қарсаңында жаратылыстану-математика факультеті мен өнер және спорт факультеті ескі дәстүрді қайта жаңғыртып, білім ордасының өткені мен бүгінінен сыр шертер, берері мол керемет шара өткізді.

Көптің көңіліне ерекше әсер еткен бұл күнгі жиынның ауқымдылығы мен мәнін «Наурыз – 2021» газеті, қолөнер галереясы, ұлттық ойындар алаңы аша түссе, өнерлі студенттердің ән-би өнерінен ұйымдастырылған шағын концерт кештің көркін келтірді.



«ЖАЙЛАУ КҮНІНДЕ» МЕРЕКЕЛІК ЖИЫН

Жоспарға сәйкес, 16 наурыз күні инженерлік-технологиялық факультеті «Жайлау күніне» арналған жиын ұйымдастырды.

Мерекелік шара барысында ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыруын жеңіп алған ғалымдардың еңбектері мен қолдан жасалған экологиялық таза тағам өнімдерінен құралған профессор-оқытушылар құрамының ғылыми жетістіктерінен «Ғылым саябағы» алаңында шағын көрме қойылса, факультеттің өнерлі ұжымы мен білім алушылары «Елемес ата» жайлауында ән-би, өлең оқу өнерлерін ортаға салып, көпшілікке керемет көңіл-күй сыйлай білді.



КИНӘ КІМДЕ?

Елімізде экономиканың қарқынды дамып, былтырғы жылға қарағанда әлдеқайда алға жылжу байқалатындығы жайлы хабарды жиі естіміз. Тіпті, жұмыссыздар санының азайып, мемлекеттік бағдарламалардың ықпалынан күнкөріс жағдайын жақсартқандар тағы бар. Ол, ол ма, «орта есеппен алғанда...» дейтін ешкімге белгісіз статистикалық жүйені де айтпай кетпеске болмас.

Алайда, жыл сайын азайды деген жұмыссыздар қатары мейлінше, толығы түспей ме деген күдік алаңдатып қояры анық. Оған себеп, қазіргі таңда болашақ білікті мамандарды тәрбиелеп отырмыз деген жоғары оқу орындарының түлектеріне саны бар сапасы күмәнді дипломын табыстап, ақ жол тілеп шығарып салуды негізгі мақсатына айналдырып алғандығы ашық болса шындық. Ал, алаңсыз алған дипломнан кейінгі өмірдің жайы қандай? Қазақстанда жалпы жарты миллионға жуық колледж студенті бар, ал жыл сайын орта есеппен оқу бітірген 200 мың түлектің 50 мыңы ғана мамандық бойынша қызметке тұрса, қалғаны қайда? Олар өлгінде айтқан «еліміздегі жұмыссыздар саны...» деп басталатын статистикамыздың тізіміне ілікпек пе? Диплом бар, жұмыс жоқтың себебі не? Демек, жоғары оқу орындары даярлаған кадрлардың біліктілігіне күмәнмен қарау орынды ма?

Бірі мемлекеттік білім грантын иеленіп, енді бірі қорыдағы қос сиырдың демеушілігімен дейміз бе, әлде ата-ананың бала үшін шырылдап жүріп тапқан тиынымен өне-міне дегенше оқуын тәмамдап қолға қағазын алады. Бұл жыл сайын қайталанатын үрдіске көзіміз үйреніп көңіліміз алаңдауды ұмытқан. Баста білімнің барына емес, қолда соны растаушы құжаттың болуына асығу ерсі естілсе де жағдай осы.

Жоғарыда келтірген есептің тамырына бойлай отырып, біраз қызықтың бетін ашып, керекті іздеумен біз білмеген дерекке кез болдық. Қазақстан бойынша жүргізілген жалпы сауалнама нәтижесінде жоғары білімі барлардың 60 пайызы өз мамандығы бойынша

жұмыс жасамайтындығы анықталды. Бұдан бөлек, «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының 2018 жылғы мәліметі бойынша жыл сайын бітірген түлектердің кемінде 40 пайызы 1 жыл көлемінде жұмыс таппаса, 35 пайызы дипломда жазылған мамандықпен емес өз бетінше екі қолға бір күрек іздеп кеткен. Дәлелді болуы үшін тағы бір дәйек келтірсем, ғалым Камал Бұрханов депутат болып қызмет атқарған кезде елімізде жылына дипломатиялық мамандықты 5000 түлек тәмамдаса, оның 10-ы ғана Сыртқы істер министрлігіне жұмысқа орналасатындығы жайлы айтқан еді. Еселке жүйрік жан болса, шынында қалғаны қайда деген сұрақпен шатасары белгілі. Келтірілген фактілерге сүйенсек, қазіргі таңда жұмыссыздар санына арналғаннан бөлек, дипломды жұмыссыздар деген тағы бір статистикаға санақ бастау қажет пе?

Келесіде, қолға құжатты алған соң неліктен жұмыс табудың жүгі қиын деген сауалдың орын алуы да орынды. Бұл үшін сөздің басын, жұмыс тәжірибесінің сұралатындығымен бастасақ. Ия, кез келген орын кеше ғана оқуын тәмамдаған жас маманға жұмыс тәжірибесінің болуы жайлы шарт қоюы орынсыз ба дерсің. Алайда, өз кезегінде жұмыс өнімділігі үшін бұл да дұрыс, бәлкім. Жас мамандар осылайша «А» дегенде кедергіге кез болуы жоғарыдағы санағымыздың бастапқы салдарын түсіндіріп тұрғаны анық. Осылайша елде оқып, одан жұмысқа орналасуға күмән келтіре бастағандар шетелден келген грантқа сеніп, рақат өмірдің қызығын қиялдап, жүгін жинап өзге елден болашағын көре бастайды. Ұшын шығарсаң бұл да бір тереңге кетер өзекті өңгіменің төркіні.

Алайда, биылғы жылдың жағымды жаңалығы студенттің өндірістік іс-тәжірибеде өткен уақыты еңбек өтіліне саналатындығы. Бұл да біраз білім алушы үшін қуанышты хабар болғаны сөзсіз.

Сонымен қатар тағы бір мәселе бакалаврды бизнеске айналдырып



алғандардың әрекеті білікті мамандардың даярланып жатқандығына күмәнмен қарауға түрткі болар жайт. Олай болса, өткен жылға шолу жасап санын саралайық, ҚР Ұлттық Экономика министрлігі статистика комитетінің сарапшысы М.Советовтың айтуы бойынша елімізде 2018-2019 оқу жылы бойынша 128 жоғары оқу орны жұмыс жасаған, оның 45-і мемлекеттік, 79-ы жекеменшік, 4-і халықаралық сонымен қатар шетелдік оқу орындары болған. Демек, көш басын жекеменшік оқу орындары бастап тұр. Бұл табыс табудың көзін білім беруден іздеу дегенге саяды. Елбасы бір сөзінде: «Бізде 131 университет бар. Олардың қатарын азайту керек, саны емес сапасы керек» деп ескерту жасағаны есімізде. Оқу жылы бастала салысымен қыркүйек айында 25 жоғары оқу орны лицензиясынан айрылған еді.

Олқылықтар орын алмас үшін де болашақ түлектерге арнап сұранысқа ие мамандықтармен Шәкәрім университетін тәмамдаған түлектердің жұмысқа орналасу жүйесі туралы біраз мәліметпен таныстыра бергенді жөн көрдім. Жалпы, HeadHunter порталының зерттеуі бойынша ең көп сұранысқа ие мамандық ол – сауда-саттық саласы екен, келесі кезекте бухгалтерия, қаржы мамандықтары болса, әкімшілік басқару, ұйымдастыру қызметкерлері мен ақпараттық технологиялардың мамандары осы тізімді толықтыра түскен. Одан бөлек, Қазақстан бойынша жарнама, маркетинг, PR саласының мамандары мен банк, инвестиция бөлімдері және өндірістік сала бойынша инженер, тамақ өнеркәсібі, металлургия, машина құрастырушылар

білікті мамандарға зәру. Келесі кезекте Семей қаласындағы Шәкәрім университетінің түлектерінен жоғары жалақы алып, толықтай жұмыс қамтылуға кепілдік беретін мамандықтар тізімін де салыстыра түстік. «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының 2018 жылы ұсынған ЖОО рейтингінде өңірлік университеттің «қазақ тілі мен әдебиеті», «филология» «қаржы» мамандығын аяқтаған студенттер күні бүгінге дейін 100 пайыз жұмыспен қамтылып, орташа жалақысы 92 115 теңгені құраған.

Ал, «шет тілі: екі шет тілі» бойынша диплом алған түлектердің бүгінгі таңдағы жалақылары орта есеппен 110169 теңге болса, «техникалық физика» мамандарының орташа жалақысы 128 890 теңге. Бұл ұсынылған деректер Шәкәрім университетінің түлектеріне арнайы жасалған сараптама болды.

Ал, тізімді толықтыра түссек 2020 жылға жасалған үздік ЖОО тізімінде алғашқы ондыққа енгендігі ел мойындаған оқу орнының беделін одан әрі айшықтай түсері анық. Қолда бар деректің бәріне шолу жасап себеп пен салдарын іздеп саралап көрдік. Әйтсе де соңғы түйін өзіңізден болмақ. Сапасы мен бағасын пайымдай келіп, ертеңгі күні болашағыңыңды алғашқы кірпішін қалау үшін де дұрыс мамандық пен дұрыс жолды таңдай білу маңызды. Қағаз үшін емес, білім үшін ізденсек, өзгеге кінә артпай-ақ шынында жұмыс табуға мүмкіндік табылар ма?

Шұғыла Сұлтанмахмудова, журналистика мамандығының 3 курс студенті.



НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

Өз – қазақ аңызы бойынша, көкті қақырата ерекше бір дүмпу естіледі екен. Оны тірі жаннан қой ғана сезеді. Егер гуіл күнде өтсе, оны алдында жайылып жатқан қойлары арқылы қойшының ғана аңғаруы мүмкін. Бұл гуіл наурыздың 22-сіне дейінгі үш күннің бірінде өтуі тиіс. «Өз болмай, мәз болмайды» деген нақыл осыдан қалған.

Наурыз бата – Наурызға арналып сойылған малдың басы мен жамбасына, ескі жылдың дәміне берілетін арнаулы баға.

Наурыз көже – алдағы жаңа жылға молшылықтың жоралғысы ретінде әр шаңырақтың міндетті түрде жасайтын арнайы тағамы. Оның құрамында кем дегенде жеті түрлі азықтық тағам болуға тиіс. Тақ сан мен тағам түрін көбейте беруге болады.

Наурыз тілек – адамдардың Наурыз тойында бір-бірін құттықтап, тақпақпен айтатын тілегі.

Төл басы – Наурыз айында туған құлын, бота, бұзау, лақ, төл басы деп аталады.

Наурыз жұмбақ – Наурыз айындағы жұлдыздардың қозғалысына, күн мен түннің теңелуіне, табиғаттағы адамдар мен ауа-райының өзгеруіне байланысты айтылатын жұмбақ өлең түрі.

Наурызша – Наурыздан түскен қырбық қар. Ол қарайған жердің бәрін жасыруға шамасы келмей, ала қанаттанып жатады.

Наурыз шешек – Наурыз айында гүлдейтін көпжылдық өсімдік. Өсемдік үшін қолдан өсіруге де болады.

Отамалы – Наурыздың 15-де кіріп, 17-де шығатын амал. «Отамалы от алғанша, керегенің басынан шот алғанша» деген нақыл бар.

Үт – үйдің әр түрлі тесіктерінен түсетін күн сәулесінің тозандануы. Оны қазақ «Үт кірді» дейді. «Үт кірді, үйге құт кірді» деген халық мәтеліне күн нұрынын жер бетіндегі тіршілікке тигізер игі әсерін бейнелейтін үлкен мән-мағына жатыр.

Наурыз – көктем мен жаңару мерекесі. Бұл Қазақстанның ең сүйікті және ауқымды мерекелерінің бірі. Сонымен, біз Наурызды не себептен жақсы көреміз? Ұлыстың ұлы күні деп аталып кеткен бұл мейрамның қандай ерекшеліктері бар.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТТЕР

1. Қасиетті жетілік. Наурыз мейрамының басты тағамы – Наурыз көже. Ол 7 ингредиенттен дайындалады: су, сүрленген немесе кептірілген ет, тұз, май немесе жануар май, жарма, айран. Ал Наурыз көже ішкен адамдарға сәттілік күлімдеп, денсаулығы жақсарып, отбасы қуаныш пен молшылыққа кенеледі делінеді.

2. Ескі наным. Халықтың наным-сеніміне сүйенсек, бұл мерекеде көп нәрсе үйге келген бірінші адамға байланысты. Жаңа жылдың бірінші қонағы мейірімді, жайлы мінезді, беделді, әзіл-қалжың түсінетін адам, ең бастысы қадамы сәтті, үйге сәттілік әкелетін жан болуы керек.

3. Сондай-ақ Наурыз қарсаңында қарыз қайтару, арадағы ренішті кешіру, ең барлық қиындықтарды ескі жылы қалдыру керек деп есептеледі. Жаңа жылды жаңашылдықпен бастау үшін мереке алдында үйді тазалап, қажетсіз заттардан құтылып, қоқыстардан тазарту керек.

4. Егер Наурыз мейрамында қар жауса, бұл жақсылықтың белгісі. Ерте заманнан бері қыздардың сұлулығын Наурыз мейрамында жауған қармен салыстырған. Ақ, таза, жұмсақ, үлпілдек қар сұлу ханымдардың асқан сұлулығын бейнелейді.



Құрылтайшысы:
Семей қаласының
Шәкәрім атындағы
университеті КеАҚ.

Студент - жастарға
арналған
ақпараттық-
танымдық
басылым айына
бір рет шығады.

Редактор
Шынар Кеңесбаева

Қазақстан Республикасының Ақпарат және
коммуникациялар министрлігінің
Ақпарат комитеті берген тіркеу куәлігі
№ 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

**Редакцияның
мекен-жайы:**
Семей қаласы,
Глинка
көшесі, 20 а

Газет Семей
қаласының
Шәкәрім атындағы
университеті КеАҚ
баспаханасында
басылып шығарылды.

Тел: 31-88-34
Семей қаласы,
Глинка, 20 а
Таралымы 500 дана